

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 141 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 мамырда № 6197 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 209 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2018 жылғы 29 маусымда № 4655 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 шілдеде "Созақ үні" газетінде және 2018 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі С. Полатов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түркістан облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Р.Ибрагимов

" " 2021 жыл

Созақ ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 29 сәуірдегі
№ 141 қаулысына қосымша

**Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі,
атаулары мен индекстері**

К/с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	2	3	4	5
1	KXSZ-1	КХ-56-"Байқадам-Шолақорған"-Қызылкөл	0-1,0	1,0
2	KXSZ-2	КХ-56-"Байқадам-Шолақорған"-Құмкент	0-1,0	1,0
3	KXSZ-3	Шолақорған-Балдысу	0-14,0	14,0
4	KXSZ-4	Балдысу-Қарабұлақ	0-5,0	5,0
5	KXSZ-5	КХ-2-"Созақ-Шолақорған"-Абай	0-10,0	10,0
6	KXSZ-6	КХ-2"Созақ-Шолақорған"-Сызған	0-2,7	2,7
7	KXSZ-7	КХ-2-"Созақ-Шолақорған"-Басбұлақ	0-1,7	1,7
8	KXSZ-9	КХ-57-"Созақ-Қарақұр"-Шаға	0-1,0	1,0
9	KXSZ-10	КХ-57-"Созақ-Бақырлы"-Раңата	0-3,0	3,0
10	KXSZ-11	КХ-57-"Созақ-Бақырлы"- Саржаз	0-1,5	1,5
11	KXSZ-12	КХ-57-"Созақ-Бақырлы"-Ақсүмбе	0-11	11
12	KXSZ-13	Бақырлы-Тайқоңыр	0-2,0	2,0
13	KXSZ-14	КХ-2-"Шолақорған-Шаян"-Аққолтық	0-3,0	3,0
14	KXSZ-15	КХ-57-"Созақ-Қарақұр" -Көктөбе	0-1,1	1,1
15	KXSZ-16	КХ-2-"Созақ-Тасты" -Қылти	0-0,8	0,8
16	KXSZ-17	КХ-2-"Шымкент-Түркістан" айналма автомобиль жолы, Шолақорған ауылы	0-4,386	4,3
17	KXSZ-18	КХ-2-"Түркістан-Созақ" айналма автомобиль жолы, Шолақорған ауылы	0-7,1	7,1
18	KXSZ-19	Жуантөбе елді мекеніне кіреберіс жол	0-2,1	2,1
19	KXSZ-20	Тасты елді мекеніне кіреберіс жол	0-3,7	3,7
20	KXSZ-21	Шу елді мекеніне кіреберіс жол	0-1,4	1,4
Созақ ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы:				77,4